

Білім беру ұйымдарының кітапханашылары арасында өткізілетін «Елімнің жүрегі – Астана: 20 жыл» атты облыстық онлайн-сайыстың Ережесі

Жалпы ереже

1.1. Туған елге, отанға деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеуде, Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы қарсаңында білім беру ұйымдарының кітапханашылары арасында «Елімнің жүрегі – Астана: 20 жыл» атты облыстық онлайн-сайыс (одан әрі - Сайыс) өткізіледі.

1.2. Бұл Ереже сайыстың өткізілу тәртібін, сайысқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, сайыс қорытындысы мен жеңімпаздарды марапаттауды анықтайды.

2. Сайыстың мақсаты және талаптары

2.1. **Сайыс мақсаты:** өскелең ұрпақ бойына рухани және мәдени құндылықтарды сіңіру, кітапханашыларды шығармашылық қызметке тарту және қолдау.

2.2. Сайыс міндеті :

Оқушылардың туған еліне сүйіспеншілігін арттыру; өз Астанасына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

-еліміздің мәдени, қоғамдық және саяси өміріне белсенді араласуға деген қабілеттерін дамытуға атсалысу;

-кітапханашылардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуына жағдай жасау;

-оқушылардың көркем шығармашылық сезімін, талғамын дамыту, әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу.

3. Сайыстың өткізілу тәртібі

3.1. Сайысқа қатысушылар сайыстың 3 талабын толық орындап, өз жұмыстарын қазақ және орыс тілдерінде жібере алады.

3.2. Сайысқа қатысуға өтініш пен конкурс материалдарын электронды түрде 2018 жылдың 18-шы маусымынан 3-ші шілдесіне дейінгі аралықта жібере алады.

3.3. Бекітілген уақыттан кейін жіберілген конкурстық жұмыс қабылданбайды.

3.4. Ұйымдастыру комитетінің функциясы:

- сайысты ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

- сайыс жұмыстарын қабылдау;

- ереже талаптарына сай келмейтін сайыс жұмыстарын қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім шығару;

- сайыстың талаптарға сай өтуін қадағалау;

3.5. Сайыс жеңімпаздарын Ұйымдастыру комитетінің мүшелері анықтайды.

3.6. Сайысқа қатысу сайыс талаптарына келісетіндікті білдіреді.

4. Сайыс материалдарын рәсімдеу талаптары :

4.1.Әрбір қатысушы өз жұмысын барлық номинация бойынша көрсетуі керек.

-«**Бірлік пен тәуелсіздік символы**» тақырыбында виртуалды кітап көрмесі, (5 мин. библиографиялық сипаттама,аннотация, өткізілгендігін растайтын фото-суреттер)

- «**Астана айшықтары: өткені мен бүгіні**» тақырыбында бір кітапқа жарнама жасау(кез-келген форматта (видео, аудио дыбыстау,мәтін,презентация -1 мин.)

- «**Астана - болашақтың қаласы**» тақырыбында мерейтойға арналған видео құттықтау (арнайы әсерлерлердің болуы, анимация, компьютерлік графика және тағы басқа шығармашылық шеберлікті көрсету; қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құттықтауға қосымша 5 балл қосылады - 2 минут)

5. Бағалау өлшемдері

- берілген материалдардың мазмұны педагогикалық мақсатқа, білім беру міндеттеріне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келуі;

- сайыс тақырыбына сәйкес болуы;

- тақырыптың ашылу деңгейі: сауаттылығы, айқындылығы, көлемі, пайымдылығы;

- оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сай жобаның дизайны (түстері, бірыңғай стиль, визуалді эффектілері);

- сайысқа қатысушының кәсіби шеберлігі, эрудициясы, шығармашылық жұмысының жоғары деңгейі;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы.

6. Марапаттау

6.1.Сайыс қорытындысы «Өрлеу «БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ <http://www.aktobe-orleu.kz> жарияланады.

6.2. онлайн -сайыстың жеңімпаздары диплом және сертификаттармен, алғыс хатпен марапатталады.

Ұйымдастыру комитеті